

Қоғамдық бірлестік мүшелерінің
құрылтай жиналысымен бекітілді
« 14 » 09 2010 жыл

2010 29 09

8674-1926-55

109040001417

**«Батыс Қазақстан облысының
бадминтон федерациясы»
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ**

ЖАРҒЫСЫ

Орал қаласы

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Батыс Қазақстан облысының бадминтон федерациясы» Қоғамдық бірлестігі, бұдан әрі - Федерация, коммерциялық емес, Батыс Қазақстан облысында бадминтонды дамыту мен кепшілікке тарату болып табылатын ортақ мақсаттарға жету үшін ортақ мүдделермен байланысты адамдарды біріктірген облыстық қоғамдық ұйым болып табылады.

1.2. Мемлекеттік тілдегі толық атауы «Батыс Қазақстан облысының бадминтон федерациясы» Қоғамдық бірлестігі. Орыс тіліндегі толық атауы - Общественное объединение «Федерация бадминтона Западно-Казахстанской области». Қысқартылған атауы – ОО «Федерация бадминтона Западно-Казахстанской области», «БҚО бадминтон федерациясы» ҚБ.

1.3. Федерация өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңына, басқа да Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және осы жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

1.4. Федерация еріктілік, мүшелерінің тең құқықтылығы, езін-өзі басқару, жариялылық және заңдық принциптері негізінде әрекет жасайды.

1.5. Федерацияның және оның әрдайым әрекет ететін басқару органының орналасқан жері: 090000, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қ., Д.Нұрпейісова көшесі, 15/1.

2. ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ ЗАҢДЫ МӨРТЕБЕСІ

2.1. Федерация жергілікті қоғамдық бірлестік болып табылады және өз қызметін Батыс Қазақстан облысының шеңберінде жүзеге асырады.

2.2. Федерацияның мөрі, дербес балансы немесе сметасы, өз атауы бар бланкілері және басқа да заңды тұлғаның деректемелері бар. Федерация Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тысқары заңдарда белгіленген тәртіппен банктерде шоттар ашуға құқылы.

2.3. Федерацияның иелігінде жер телімдері, ғимараттар, құрылымдар, құрылыстар, тұрғын үй қоры, келік, құрал сайман, мәдени-ағартушылық және сауықтыру бағытындағы мүлкі, ақшалай қаржысы, акциялары, басқа да құнды қағаздары және Жарғымен анықталған қызметін материалдық қамсыздандыруға қажетті өзге мүлкі бола алады және өз міндеттемелері бойынша осы мүлкімен жауап береді. Федерация өз атынан мәмілелер жасауға, өз қызметінің мақсаттарына сәйкес мүлкі және мүлкі емес құқықтарды иемденіп алуға және жүзеге асыруға, міндеттемелерді көтеруге, сотта талап қоюшы және жауапкер болуға құқылы.

2.4. Федерация Қазақстан Республикасының аймағында және шетелде филиалдар мен өкілдіктер ашуға, қауымдастықтар мен одақтарға кіруге, басқа заңды тұлғаларды құруға құқылы.

2.5. Федерация шектелмеген мерзімге құрылған.

3. ФЕДЕРАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАҚЫРЫБЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

3.1. Федерация Батыс Қазақстан облысында спорттық, сауықтыру бадминтонның дамыту мақсатында құрылды.

3.2. Федерацияның қызметі түріне келесі мәселелер жатады:

3.2.1. Батыс Қазақстан облысының спорт клубтарына, дене-шынықтыру ұжымдарына, мектептер мен жоғары оқу орындарына қолдау керсету:

- қолданыстағы заңнамаға сәйкес мектеп үйірмелері мен бадминтонға жаппай үйрету студияларының, спорт клубтарының желісін құруы мен дамытуына;
- жаттықтырушы кадрлары мен активін оқытуы мен қайта даярлауына;
- меншік құқығы мен спорт құрылыстарын пайдалану құқығын қорғауға;
- бос уақытты тиімді қолдануы мен азаматтарға бадминтонды жаппай үйретуге тартуына;
- спорт жабдықтарын, спорт киімін, марапаттау материалдарын, спорт атрибутикасы мен әдебиетін сатып алуына;
- бадминтонға жаппай үйретудің, спорттық-жаттықтыру және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының жаңа әдістемелерін енгізуге;
- Батыс Қазақстан облысында бадминтоннан қоғамдық ұйымдардың қалыптасуы мен дамуына;
- бадминтон саласындағы халықаралық қызметіне қолдау керсету.

3.2.2. Ұйымдастыру мен еткізу:

- ардагерлер, ересек денсаулық топтары, жігіттер мен қыздар арасындағы ашық турнирлерді, Батыс Қазақстан облысының Кубогы мен Чемпионаттарды, бадминтоннан жарыстарды;
- жаттықпа-машықтану жиындары мен бадминтоннан басқа да шараларды, оның ішінде шетел спортшыларының қатысуымен;
- дене шынықтыру - сауықтыру және жаппай-спорттық шараларды;
- дене шынықтыру қызметкерлері мен активін оқыту және қайта даярлау семинарларын, төрешілік семинарлары мен тренингтерін;
- Батыс Қазақстан облысының үздік жаттықтырушысы және спортшысы атағына байқауды; оның жылдық рейтингісін жүргізуді.
- спорт фестивалі мен конкурстарды;

3.2.3. Қамтамасыз ету:

- мемлекеттік оқу орындарында бадминтонды мектеп оқушылары мен студенттерге үйрету бағдарламасын және мемлекеттік оқу орындарында бадминтоннан жаттықтырушыларды дайындау бағдарламаларын жасауды;
- дене шынықтыру-спорттық ұйымдардың және балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің жұмысына әдістемелік көмек керсету мен қызметін жүзеге асыруға көмектесуді;
- озық тәжіребені жинақтау мен тарату, дене шынықтыру-сауықтыру және жаппай спорттық жұмыстарды ұйымдастырудың жаңа түрлерін енгізуге көмектесуді;
- Батыс Қазақстан облысының командалары мен жекеленген спортшыларының республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуын;
- Батыс Қазақстан облысының және Қазақстан Республикасының құрама командаларына спорттық резервті дайындауды;
- республикалық және халықаралық ұйымдарда Батыс Қазақстан облысының өкілдігін;
- отандық және импорттық жабдықтарды, спорттық, медициналық және басқа да арнайы тауарларды өз қаражатына (оның ішінде валютаға) сатып алуды;
- бұқаралық ақпарат құралдарында бадминтонды насихаттауды;
- жаттықтырушылар мен қосымша білім беретін педагогтардың, төрешілер мен спортшылардың біліктілігін көтеру мақсатында және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бадминтонды танымал ету үшін басқа мүдделі ұйымдарымен бірге оқу, әдістемелік, анықтамалық және басқа да әдебиеттерді белгіленген тәртіп бойынша дайындау мен шығаруды;
- республикалық, халықаралық семинарларға, конференциялар мен басқа да бадминтонға қатысты форумдарға қатысу үшін Федерация өкілдерін (жаттықтырушылар, қосымша білім беру педагогтары, төрешілер, функционерлер) анықтауды;
- ақшалай қаражат, жылжымалы және жылжымайтын мүлік түрінде отандық және шетел азаматтарының, кәсіпорындар, фирмалар, қорлар, мемлекеттік, жеке және қоғамдық ұйымдардың ерікті жәрдемін тартуды;
- республикалық және шетел фирмаларымен, қоғамдық және жастар ұйымдарымен (федерациялармен, қауымдастықтармен, одақтармен, орталықтармен) жұмыс жасау;

3.3. Федерация өз жарғысының мақсаттарына жетуге байланысты және оған сәйкесті болғандықтан ғана кәсіпкерлік және сыртқыэкономикалық қызметті атқаруға құқылы.

4. ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін Федерация, Қазақстан Республикасының заңнамаларымен анықталған тәртіпте, құқылы :

- ез қызметі туралы ақпарат таратуға;
- бадминтон саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту бойынша шараларды жетілдіруге және жүзеге асыруға;
- мемлекеттік оқу орындарында, сонымен бірге балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде бадминтон белімшесін ашу туралы ұсыныс жасауға;
- соттарда және басқа да мемлекеттік органдарда, езге қоғамдық бірлестіктерде ез мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін екілдеуге және қорғауға;
- бұқаралық ақпарат құралдарын құруға;

- жиналыстарды, митингтерді, демонстрацияларды, шерулер мен пикеттерді еткізуге;
- баспа қызметін атқаруға;
- халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерге кіруге;
- басқада Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өкілеттіктерді атқаруға.

4.2. Федерация міндетті:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Жарғымен қарастырылған нормаларды сақтауға;
- өз мүшелеріне, олардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын құжаттар мен шешімдермен танысуға мүмкіндік беруге;
- өз мүшелерін ақша қаражатының түсуі мен шығыны туралы хабардар етуге;
- тіркеу органының тұрақты қызмет ететін басқару органының тұрған жерінің ауысуы және басшылар туралы мәліметтердің ауысуы туралы мемлекеттік бір тұтас регистрге енгізілуі тиіс мәліметтер мөлшерінде хабардар етуге.

5. ФЕДЕРАЦИЯҒА МҮШЕЛІК

5.1. Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар Федерация мүшелері бола алады. Федерация мүшелері ретінде олардың тең құқықтығын қамтамасыз ету мақсатында Федерация мүшелерінің санын ескеруге мүмкіндік беруіне байланысты, олардың мүдделігі Федерация міндеттерін бірлесіп шешу болып табылатындықтан, Жарғыға сәйкес жеке өтініштер немесе құжаттар арқылы рәсімделеді.

5.2. Федерацияға мүшелік ерікті болып табылады.

5.3. Федерация мүшесі болуға ниет білдірген тұлға Федерацияның атқарушы органына тиісті өтініш береді. Федерация мүшелігіне қабылдау туралы шешім Жалпы жиналыспен қабылданады.

5.4. Федерация мүшесі өз қарауынша Федерация мүшелігінен кез келген уақытта тиісті өтініш беру арқылы шығуға құқылы.

5.5. Федерация мүшесі Жалпы жиналыс шешімі бойынша Федерациядан келесі жағдайларда шығарылады:

- жалпы жиналыспен орнатылған мерзімде жылдық жарна төленбегенде;
- егер қызметі Федерация Жарлығының мақсаттары мен міндеттеріне қайшы келсе;
- Федерация мен оның мүшелеріне моральдық және материалдық зиян келтіргенде;

5.6. Мүшелікті тоқтату Жалпы жиналыс шешімімен рәсімделеді.

6. ФЕДЕРАЦИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Федерация мүшелері келесі құқықтарға ие:

- Федерация қызметіне байланысты кез келген сұрақтарды талқылауға қатысу;
- басқарушы және өзге консультациялық органдарға сайлану және сайлау;
- Федерация қызметіне байланысты ақпаратты алу;
- Федерацияның тапсырмасы бойынша халықаралық, мемлекеттік, қоғамдық және басқа ұйымдарда өкілетті өкіл болу;
- Федерация қызметіне қатысты сұрақтар бойынша ұсыныс енгізу;
- Федерация өткізетін барлық шараларға қатысу;
- Федерация мүшесі ретінде өз қатысуын тоқтату;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да өкілеттерді жүзеге асыру.

6.2. Федерация мүшелері міндетті:

- Федерация Жарлығын сақтауға және жалпы жиналыстың шешімін орындауға;
- жалпы жиналыспен белгіленген мерзім ішінде мүшелік жарнаны төлеуге;
- Федерация мүлкін құнттап ұстауға;
- Федерация қызметіне белсенді қатысуға және Федерация алдында тұрған міндеттерді орындауға мүмкіндік туғызуға.

7. ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

7.1. Федерация қоғамдық бірлестіктің дербес мүшелерінен тұрады. Федерацияның құрылу сәтінде оның бастапқы ұйымдары, филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Федерацияның ұйымдық құрылымында Федерация мүшелерінің Жалпы жиналысы бекітетін бастапқы ұйымдар туралы Ережесінің негізінде әрекет жасайтын бастапқы ұйымдарды құруға рұқсат етіледі:

7.2. Федерация мүшелерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша, жарғыда кезделген мақсаттарға жету үшін Федерацияның табысты қызметін қамтамасыз ету мақсатында Федерацияда консультативті-кеңестік органдар құрылады.

8. ФЕДЕРАЦИЯ МҮЛКІ

8.1. Федерация меншігінде Федерация қызметін материалды қамтамасыз етуге қажетті мүлкі бар.

8.2. Федерация мүлкінің қалыптасу кездері:

- Федерация мүшелерінен түсім;
- Еркін мүлктік жарналар мен жәрдем көмек;
- Федерация Жарғысына сәйкес еткізілетін дәрістерден, кермелерден, спорттық және өзге шаралар мен лотереялардан түсімдер;
- Кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс;
- Қолданыстағы заңнамамен шектелмеген басқа да түсімдер.

8.3. Кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс Федерация мүшелері арасында үлестірілмейді, сондықтан жарғылық мақсаттарға бағытталады.

9. ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

9.1. Федерацияның басқару органының құрылымы:

Жеғарғы басқару органы - Жалпы жиналыс
Бақылау органы - Бақылау кеңесі
Атқарушы органы - Атқарушы директор
Тексеруші органы - Ревизор

9.2. Жалпы жиналыстың айрықша құзіретіне мына мәселелер енеді:

- 1) жарғыға толықтырулар мен өзгерістер енгізу, қабылдау;
- 2) Федерацияны еркін тарату және қайта құру туралы шешім қабылдау;
- 3) Федерацияның атқару органдарының құзырын, құрамын және өкілеттерінің құрылуы мен тоқтатылу тәртібін анықтау;
- 4) Федерацияның ұйымдастыру құрылымын анықтау;
- 5) Федерацияның атқару, бақылау, тексеру және езге органдарын сайлау;
- 6) Федерация атқару органының қаржылық есепті беру тәртібі мен мезгілін анықтау, сондай-ақ Федерация ревизорының тексерулерді өткізу тәртібін анықтау мен тексерулер қорытындысын бекіту;
- 7) бекітілген заңнамалық актілердің шеңберінде, басқа да заңды тұлғалардың қызметіне, сондай-ақ өз филиалдары мен өкілдіктерінің қызметіне Федерацияның қатысуы немесе құрылуы туралы шешім қабылдау;
- 8) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;
- 9) жылдық қаржылық есебін бекіту;
- 10) жылдық бюджетті немесе сметаны бекіту;
- 11) Федерация мүшелерінің мүшелік және мүшелікке кіру жарналарының мөлшерін, тәртібі мен төлеу мерзімін анықтау;

9.3. Жалпы жиналыс Федерация қызметіне қатысты барлық сұрақтарды қарастыруға құқылы.

9.4. Жалпы жиналыстар кезекті және кезектен тыс болуы мүмкін. Кезекті жалпы жиналыс жылына бір рет еткізіледі. Кезектен тыс жалпы жиналыс Федерация атқару органының, Президентінің / Вице-Президентінің, Ревизордың немесе Федерация мүшелерінің жалпы санынан алғанда 1/3 кем емес мүшелерінің талабы бойынша шақырылады.

Жиналыс Федерация мүшелерінің жалпы санынан кемінде 50% қатысқанда құқықты болып саналады. Федерация мүшелерінің жалпы жиналысына қатысушылары дауыстарының көпшілігі негізінде шешімдер қабылданады. Қайта құру мен тарату туралы, Федерация Жарғысына толықтырулар мен өзгертулерді енгізу туралы сұрақтары бойынша шешімдер білікті көпшілік дауыспен қабылданады – Федерация мүшелерінің жалпы жиналысына қатысушылардың жалпы санынан 2/3 (үштен екі) кем емес дауыс.

9.5. Жалпы жиналыспен мерзімі 5 жылға сайланатын Қадағалаушы кеңес, оның құрамында Федерацияның Президенті мен Вице-Президенті бар, Федерацияның бақылаушы органы болып табылады.

Федерация Президенті:

- Федерацияның қызметін үйлестіреді;
- Федерацияның шарушылық және қаржылық қызметі бойынша сұрақтарды жалпы жиналысқа талқылауға енгізеді;
- Федерацияның халықаралық спорттық байланыстарына басшылық жасайды;
- қоғамдық шаралар, бағдарламалар мен жобалар бойынша, басқа қоғамдық, оның ішінде халықаралық бағдарламаларға қатысу бойынша, облыстық, республикалық және халықаралық қоғамдық ұйымдардың қызметіне қатысу бойынша, қоғамдық қызмет саласында шетел әріптестерімен әрекет жасау бойынша ұсыныстар дайындайды;

Федерацияның Вице- Президенті:

- Федерация Президентінің орынбасары болып табылады және оның тапсырмасын орындайды;
- Федерация Президенті мен Жалпы жиналыс тапсырмасы бойынша бағыттағы Федерация қызметін үйлестіреді;
- Федерацияның жарғылық қызметін жүзеге асыру үшін қаржылық және материалдық қаражаттардың қосымша кездерін тартады;

9.6. Жалпы жиналыс мүшелерімен мерзімі 5 жылға сайланатын Атқарушы директор Федерацияның тұрақты әрекет жасайтын басқарушы / атқарушы органы болып табылады.

Федерацияның атқарушы директоры Жалпы жиналысқа есепті.

9.7. Атқарушы директордың құзырына келесі мәселелер кіреді:

а) Жалпы жиналыспен анықталған шығын сметасы шеңберінде Федерацияның мүлкі мен ақшалай қаражатына билік жасау;

б) Федерацияның жоспарын жасау және оны бекітуге Жалпы жиналысқа ұсыну;

в) Федерацияның барлық мүшелері үшін әр жақты және міндетті болатын Федерацияның негізгі ішкі құжаттарын дайындау және оны бекітуге Жалпы жиналысқа ұсыну;

г) мүшелікке кіру жарнасын және жыл сайынғы мүшелік жарнасын және өзге нормативті жарналарды уақытылы жинауды ұйымдастыру;

д) Халықаралық Одақтармен, Ассоциациялармен, Федерациялармен, клубтармен және бадминтон саласындағы белек мамандармен, мемлекеттік, қоғамдық және өзге ұйымдармен ынтымақтастық және шығармашылық байланыстарды дамыту мен ұйымдастыру;

е) Федерацияның Жалпы жиналыстарын өткізу бойынша дайындық шараларын жүзеге асыру;

9.8. Атқарушы директор Федерация атынан сенімхатсыз әрекет жасайды, сенімхат береді, оның ішінде қайта сенімдеу құқымен, Федерация атынан банктерде және басқа да несиелі ұйымдарда шоттар ашады, қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, өз құзыры шеңберінде Федерация қызметкерлерімен орындалуға міндетті бұйрықтарды шығарады.

9.9. Жалпы жиналыспен бір жылдық мерзімге сайланатын Тексеруші бірлестіктің бақылаушы органы болып табылады.

Тексеруші жылына біреуден кем емес рет Федерацияның шаруашылық және қаржылық қызметтерін тексеруді жүзеге асырады. Жалпы жиналыстың шешімі бойынша Федерацияның қаржы-шаруашылық қызметін тексеру тәуелсіз аудиторлық ұйымдармен келісім-шарт негізінде жүзеге асырыла алады. Тексеруші өз қызметінің нәтижелері туралы жылына біреуден кем емес рет Жалпы жиналысқа мәлім етеді және қажеттілігіне байланысты үш жылда біреуден кем емес рет Жалпы жиналыстың алдында есеп береді. Тексеру нәтижелері Федерация мүшелерінің жалпы жиналысының қарауына және бекітуіне ұсынылады.

Тексеруші кеңесші дауыс құқығымен Жалпы жиналыстың отырыстарына қатыса алады.

10. ФЕДЕРАЦИЯ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

10.1. Федерация мүшелеріне Федерация жарғысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу бастаушылары болу құқығы берілген.

10.2. Атқарушы орган Федерацияның барлық мүшелерін ұсынылған Федерация Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар жобасымен Жалпы жиналыстың еткізілуіне дейін таныстыруды қамтамасыз етеді.

Ұсынылған жобамен келіспеген жағдайда Федерация мүшелері ез ескертулерімен толықтыруларын енгізе алады.

10.3. Федерация Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар, олардың Федерация мүшелерінің Жалпы жиналысында бекітілген және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен орнатылған тәртіпке сәйкес мемлекеттік тіркеуден еткен сәтінен бастап қабылданды деп саналады.

11. ФЕДЕРАЦИЯНЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ТАРАТУ ТӘРТІБІ

11.1. Федерацияның қызметі жалпы жиналыстың өлде соттың қайта құру немесе тарату туралалы шешімі негізінде тоқтатылады.

11.2. Федерацияны қайта құру (қосу, біріктіру, белу, беліп шығару, қайта құру) заңмен кезделген тәртіпте жүзеге асырылады.

11.3. Федерацияны тарату қолданып жүрген заңдармен кезделген тәртіпте жүзеге асырылады.

11.4. Тарату сотпен немесе жалпы жиналыспен тағайындалатын тарату комиссиясымен атқарылады. Тарату комиссиясын тағайындаған сөттен бастап Федерация істерін басқару бойынша екілеттіктер оған тапсырылады.

11.5. Тұлғалардың мемлекеттік регистріне жазу енгізілген сөттен бастап тарату аяқталды деп, ал Федерация езінің қызметін тоқтатты деп саналады

12. ФЕДЕРАЦИЯ ТАРАЛҒАН ЖАҒДАЙДА МҮЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

12.1. Кредиторлармен есеп айырысқаннан соң Федерацияны тарату кезінде қалған мүлік осы Жарғының 3 бабымен кезделген жарғылық мақсаттарға бағытталады.

Федерацияның атқарушы директоры



Балақов Бекет Айтқалиев